

Жапон Қорының құрылымы мен бағыттары

Қажатова Райгүл

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, магистрант

Түйін: Қазіргі таңда әлемде жапон тілін үйренушілер санының күннен - күнге артуының бірден бір себебі - Жапон Қорының атқарып жатқан қызметтері. Жапон тілі мен мәдениетін насихаттауда Жапон Қорының алатын үлесі зор. Қордың ұйымдастырып отырған бағдарламаларының арқасында жапон тіліне қызығушылық танытатындардың көбеюіне байланысты Қордың жұмыс жасау стратегиясын анықтау - қазақ тілін тарату барысында пайдалы ақпарат көзі болып табылады. Мақала Жапон Қорының жапон тілін насихаттаудағы стратегиялық бағыттарын зерттеу туралы тақырыпқа негізделген. Әлемге жапон тілін таратудағы Қордың алдына қойған мақсаттары мен міндеттерін қарастыру және қандай бағдарламалар жүзеге асырылғандығын сараптау.

Abstract: In recent years, the number of Japanese language learners number is increasing. One of the main reasons behind this phenomenon is Japan foundation. Japan foundation plays an important role in disseminating Japanese language and culture. Owing to the fact that big amount of the programs which are organized by foundation are considered to be as one of the factors in arousing interest in Japanese language learners, necessity to determine the strategy of foundation in order to spread Kazakh language is pretty clear. This article was based on Japan foundation's strategic approach of disseminating Japanese language. In order to find out foundation's goals and tasks for disseminating Japanese language in the world. And to make an analyze for programs that have been implemented.

Адамзат баласының ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік төл мәдениетімен ұштасып, ұлт болмысының тікелей көрінісі болып табылатын қымбат дүниесі – оның тілі. Тіл – халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан асыл қазынасы. Елдің ел болып қалыптасуында тіл мен мәдениеттің алатын орны ерекше. Ал тіл мен мәдениеттің өзгелерге таныту арқылы сол елдің одан әрі нығая түсетінінің дәлелі ретінде Жапонияны үлгі ете аламыз. Қазіргі таңда Жапонияның әлем бойынша экономикасы дамыған мемлекеттер қатарында екені бәріне мәлім, сонымен қатар Жапония тек экономикасына ғана көңіл бөліп қоймай, өз мәдениеті мен тілін берік ұстанған санаулы елдер қатарына жатады. Жапония өз елінде ғана емес, өзге шет мемлекеттерде де жапон тілі мен мәдениетінің қарқынды дамуына арналған жұмыстар жасауда. Осы орайда әлем бойынша Жапонияны таныту мақсатында жүзеге асырылып отырған бағдарламалардың негізгі орындаушысы - Жапон Қоры (國際交流基金, Japan Foundation) болып табылады.

Мақаланың мақсаты Жапон Қорының құрылымы және жапон мәдениеті мен тілін әлемге насихаттауда қандай бағыттар ұстанатындығын оқырмандарға таныстыру болып табылады. Жапон Қоры тіл мен мәдениетті насихаттаудың өзіндік бағыттары мен ұстанымдарын қалыптастырған әлемдік деңгейде танылып үлгерген ұйым. Қордың атқарған жұмыстарының арқасында адамдар арасында Жапонияның мәдениеті мен тіліне деген қызығушылық жыл сайын арта түсуде. Сол себепті Жапон Қорының құрылымы мен оның Жапонияны танытудағы негізгі бағыттары жайлы сөз қозғау орынды.

Жапон Қоры 1972 жылы Жапония Сыртқы істер министрлігінің қарамағындағы арнайы ұйым ретінде құрылып, сол кезден бастап Жапонияның басқа елдер арасындағы мәдени байланысының алтын көпіріне айналды. 1989 жылы Уравадағы Жапон тілі институты ашылса, 1991 жылы Жаһандық серіктестік орталығы құрылады. Ал 1997 жылы Кансайдағы Жапон тілі институтының іргетасы қаланады. 2001 жылдың 31-наурызындағы есеп бойынша Жапон Қорында 230 қызметкер жұмыс атқарған. 2002 жылы «Жапон Қорын дербес әкімшілік ұйым

ретінде құру» туралы заң қабылданып, 2003 жылдың қараша айында Қор өз алдына дербес ұйым болып қайта құрылады [1].

Жапон Қорының дербес әкімшілік ұйым (Dokuritsu Gyosei Hojin Kokusai Koryu Kikin) ретінде алдына қойған мақсаты: халықаралық жақсы орта қалыптастыруға өз септігін тигізу және Жапонияның басқа елдермен арақатынасын мәдениет арқылы жақсарту болып табылады. Қордың қайта жасақталуына үкіметтен 78 млрд иен бөлінген, ал жыл сайынғы қаржыландыру мемлекеттік субсидиялар, инвестрлік кірістер және жеке секторлардың қаржы бөлуі арқылы жүзеге асуда [2]. Өзінің тарихында Жапон Қоры халықаралық мәдени айналымды одан әрі жоғарылату мақсатында жұмыс жасап келеді. Бұл жұмыстың негізгі шекті мақсаты – ұлттар мен халықтар арасындағы ынтымақтастықты дамыту. Дегенмен Жапон Қоры өз алдына жеке заңды ұйым болғанымен Жапон үкіметінің қарауында болып, оның жұмыс жасаудағы стратегиялық бағыттарын Сыртқы Істер Министрлігі анықтайды. Жапон Қоры өте ауқымды жүйеге ие, оның штаб-пәтері Токио мен Киотода орналасқан және екі тіл институтымен қоса (Урава және Кансай тіл институты), Жапон Қорының 23 мемлекетте 24 офисы бар (Сурет 1) [3].



Сурет 1. Жапон Қорының дүние жүзі бойынша офистерінің орналасуы

Жапон Қоры өз кезегінде 3 бағыт бойынша жұмыстар атқарады. Төменде сол бағыттарға нақтырақ тоқтала кетейік.

Өнер және мәдени алмасу. Мақсаты: өзге елдің жапон мәдениеті және өнерімен жақын білуіне мүмкіндік жасау. Жапонияның мәдениеті мен алуан өнерін таныстыру бағытында Жапон Қоры шет елдерде әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырады. Көркем өнер, музыка, театр, әдебиет, кино мен салт-дәстүрін шет елдерге насихаттай отыра Жапонияға деген қызығушылықты тудырады. Жапондық рухты таныту мен жапондық сана-сезімді түсіне алу арқылы адамдардың тілдік кедергіге қарамастан жапон мәдениеті мен өнеріне деген қызығушылығын арттыруда жұмыстар жасайды. Сонымен қатар, Жапон Қоры шет тіліне аударылған кітаптардың қорын қамтамасыз етіп, “Japanese Book News” жарияланымдарын шығарады. Жапон мәдениеті мен өнерін таныстыруда Жапон Қоры бірнеше бағыттағы бағдарламалар бойынша жұмыс жасайды. Олар: бейнелеу өнері (Жапония мен шет елдерде көрмелер ұйымдастыру), театр (музыка, би, дәстүрлі театр өнері), басылым (жапон әдебиетін шет тілдерге аудару) және мәдени ынтымақтастық пен жапон мәдениетімен таныстыру (икебана, шэй рәсімі, мәдениетке байланысты лекциялар оқу және т.б.)

Жапон тілін шет елдерде үйрету. Мақсаты: жапон тілінде сөйлетіндер санын көбейту. Жапонияға қызығушылық танытып, тілін меңгергісі келетіндер үшін тілді оңай үйрену мақсатында Жапон Қоры жапон тілін оқытудың тиімді әдістері мен шарттарын ұсынады. Үкіметпен, оқу орындарымен және басқа елдердің ұйымдарымен байланыс орнату арқылы

Жапон Қоры Жапонияда білім алу мүмкіндігін алға тартады. Қордың бұл бағыт бойынша атқаратын қызметтері төмендегідей: Жапон тілін оқыту (Жапон Қорының стандарттары бойынша жапон тілін үйрету, тілдік курстар мен тренингтер ұйымдастыру), жапон тілі деңгейін анықтайтын тестілеу жүргізу (JLPT), жапон тілі оқытушыларына арналған бағдарламалар және т.б.

Зерттеу және зияткерлік алмасу. Бұл бағыттағы бағдарламалардың негізгі мақсаты – шет елдерде зерттеулер жүргізу мен оларды қолдау арқылы Жапонияны тереңірек түсіндіру. Жапон Қоры халықаралық аренада мәдениаралық сұрақтар мен мәселелерді шешуде Жапонияның ықпалын жоғарылату үшін де жұмыстар атқарады. Жапон тілін немесе Жапонияға қатысты зерттеулер мен жобаларға қаржылық қолдау көрсету, гранттар бөлу, сонымен қатар, Қор халықаралық деңгейдегі болашақ көшбасшыларды дайындаумен айналысады.

Жапон қорының ұстанған негізгі бағыттарының бірі – жапон тілін үйренушілер санын көбейту болып табылатынын жоғарыда көрсетілген болатын. Халықтар арасындағы өзара байланысты орнатуда тіл көпір рөлін атқаратындықтан, дәл осы бағыт барынша импродуктивті аспект болып саналады. Жалпы Жапонияның танымалдылығы мен оның мәдени, экономикалық, саяси және т.б. түрлі аспектілеріне деген қызығушылықтың арта түсуі жапон тілін үйренушілер санының көбеюіне септігін тигізуде. Тілді үйретуде Жапон Қорының негізі стратегиясы – түрлі жас мөлшері мен адамдар тобына бейімделген арнайы курстар мен орталықтар санын көбейту. Ал, Тайланд, Индонезия, Австралия сияқты жапон тілі танымал елдерде жапон тілі курстары Жапонияны зерттеу орталықтарына айналып, елдің күнделікті тыныс-тіршілігімен таныстырады. Сол себепті Жапон Қоры осындай орталықтардың дамуына көп көмегін тигізіп отыр. Тіл курстарының ортақ жұмыс атқару координациясын Урава (Сайтама префектурасы) қаласындағы Жапон Қорына қарайтын Жапон тілі Институты анықтайды. Институт Азия-Тынық мұхит аймақтары елдеріне кәсіби оқытушылар мен аудармашылар дайындап шығарады. Сонымен қатар, қаржылық жағдайы төмен және жапон тілін оқыту орталықтарын дамытуда адами және материалдық ресурстары жеткіліксіз елдерге Жапон Тілі Институты да өз тарапынан көмек көрсетіп отыр. Мысалы, оқу құралдары, әдістемелік материалдар мен оқулықтар және т.б. тіл үйренуге қажетті материалдар тегін беріледі. 1984 жылы алғаш рет шет елдерде жапон тілі деңгейін анықтайтын тест жүргізіліп, оған 15 елдің 19 қаласынан 7998 адам қатысуға өтініш білдірген. Қордың әлем бойынша жүргізген бағдарламаларының нәтижесінде 1975 жылы жапон тілін үйренушілер саны 78 мың адам болса, 2009 жылдың есебі бойынша 3,6 миллион адамға жеткен [4].

Жапон Қорының шет елдерге Жапонияны танытуды тіл арқылы ғана жүзеге асырып қоймай, әлемді жапон мәдениет және өнерімен таныстыруда. Жапон қоры Жапониядағы бүкіл әлем елдерімен мәдени байланыс орнатуда халықаралық бағдарламалар ұйымдастыратын бірден-бір негізгі ұйым болып табылады. Жапонияның басқа әлем елдерімен достық қарым-қатынас орнату мақсатында Жапон Қоры мәдениет және тіл арқылы үлкен мүмкіндіктерге ие бола алатын жобалар ұйымдастыруда. Жыл сайын орын алатын Жапон мәдениет күні, түрлі көрмелер мен дәстүрлі театр қойылымдары, шәй рәсімі мен икебанадан өткізілетін шеберлік сабақтары және т.б. жапон өнерінің жауһарларын әлемге көрсете отырып адамдардың ықыласын Жапонияға аударта білген Жапон Қоры бағдарламалары өз жұмыстарының жемісін көруде десек қателеспейтініміз анық.

Қорыта келе, Жапон Қоры – тіл мен мәдениетті әлемдік деңгейде таныта білген ұйымдардың бірі. Сондықтан да, өз ана тілімізді өзгелерге мойындатуда Жапон Қорын үлгі еткеніміз жөн деп санаймын, Егер де мемлекетімізде өз ана тіліміз бен мәдениетіміздің дамуына жауапты сондай ұйым құратын болсақ, қазақ тілінің мәртебесін Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар шет елдерде де көтере аламыз деген ойдамын.

Әдебиеттер

1. Внешняя политика Японии: история и современность. М., 2008. С. 289.
2. Катасонова Е.Л. Япония: вызов западной цивилизации? // Япония: мифы и реальность. – М., 1999, стр. 186.
3. “The Japan Foundation - About Us”
<https://www.jpf.go.jp/e/about/index.html>
4. “The Japan Foundation - Japanese Studies Overseas and Intellectual Studies”
<https://www.jpf.go.jp/e/program/intel.html>
5. Романова И. Японский язык как инструмент «мягкой силы», 2013.
http://russiancouncil.ru/inner/?id_4=1258#top-content
6. “About the Japan Foundation”
<https://www.jpf.go.jp/e/about/result/ar/2010/pdf/ar2010-01.pdf>
7. “JLPT Japanese-Language Proficiency Test”
<http://www.jlpt.jp/e/statistics/archive.html>